

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 423 "2020-2022 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26 маусымдағы № 505 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 шілдеде № 7228 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 423 "2020-2022 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6683 тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық турдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "45450,3" сандары "45271,3" сандарымен ауыстырылсын;
трансферттердің түсімдері – "43666,0" сандары "43487,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "45450,3" сандары "45271,3" сандарымен ауыстырылсын;

3 тармақ жаңа редакцияд жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 31183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 32668 теңге көлемінде белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.";

7 тармақта:

үшінші абзацында:

"7447,0" сандары "7268,0" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы,
мәслихат хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы
26 маусымдағы № 505 шешіміне қосымша
Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6
қаңтардағы № 423 шешіміне
1 қосымша

2020 жылға арналған Шалқар ауылдық округ бюджеті

Санаты		Сомасы
Сыныбы		, мың теңге
Ішкі сыныбы		
Атауы		
	I. Кірістер	45271,3
1	Салықтық түсімдер	1236,0
01	Жеке табыс салығы	55,0
	2 Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан жеке табыс салығы	55,0
04	Меншікке салынатын салықтар	1181,0
	1 Мүлікке салынатын салықтар	24,0
	3 Жер салығы	39,0
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	1118,0
2	Салықтық емес түсімдер	548,3
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	7,0
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	7,0
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	541,3
	1 Басқа да салықтық емес түсімдер	541,3

4		Трансферттердің түсімдері	43487,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	43487,0
		3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	43487,0
II. Шығындар			45271,3
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	19381,3
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	19381,3
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19381,3
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19381,3
04		Білім беру	17200,0
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	17200,0
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17200,0
		041 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	17200,0
07		Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	8690,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	8690,0
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8690,0
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	350,0
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	697,0
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7643,0
		III. Бюджет тапшылығы (профицит)	0,0
		IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0,0